*«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны*

«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
_______ Ж.А.Курманова
«__»________ 2025жыл

# *Қазақ тілі маманының ортаңғы,ересек, мектепалды даярлық топтарының ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылына*

*Қазақ тілі маманы: Ж.С.Орынбасарова*

Scanned with CamScanner

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»**
**Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова**
**Топ: ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 02-05 қыркүйек 2025жыл**

| Дүйсенбі 01.09.2025 жыл | Сейсенбі 02.09.2025жыл | Сәрсенбі 03.09.2025 жыл | Бейсенбі 04.09.2025 жыл | Жұма 05.09.2025 жыл |
|---|---|---|---|---|
| | **Топ: №8 «Сказка» ортаңғы тобы**<br>**Біз балабақшада не істейміз?**<br>**Міндеті:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>·Біздің балабақшамыздың іші, сыртқы ауласы тобымызда сүртінетін сүлгілеріміз әрдайым тап-таза, аппақ болып тұрады. Ол кімнің еңбегі деп ойлайсыңдар?<br>·Балабақшада бізге дәмді тағамдарды кімдер әзірлейді?<br>·Ән, би, дене шынықтыру жетекшілеріміз бізге не үйретеді? Дәрігер апайымыз не істейді екен? Ал күні бойы сендердің | **Топ: №12 «Лучик» ересек тобы**<br>**Менің балабақшам**<br>**Міндеті:** Балабақша туралы түсінікте рін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету. Балалардың сөздік қорларының қандай деңгейде екендігін қадағалау және ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру Міндетінда әр алуан сұрақтар қойылады.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>·Балалар үйімізде бізге кім қарап-күтіп, қамқорлық көрсетеді?<br>·Неліктен өз үйім-менің бірінші үйім деп айтамыз?<br>·Ал балабақшаны екінші үйім деп атай аламыз ба<br>·Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетіп, аялайды? Балабақшада | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы**<br>**«Балабақшадағы алғашқы күн»**<br>**Міндеті:** Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Тақтамен жұмыс. тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. – Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы**<br>**«Топ бөлмелерімен танысу»**<br>**Міндеті:** балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстырып,ондағы жиһаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйрету. дидактикалық ойын арқылы балалардың сөздік қорын дамыту. топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>– Балалар, сендер бүгін таңертең тұрып қайда келдіңіздер? – Сендерге балабақшада ұнай ма? Педагог өзін таныстырған соң, балаларды балабақша өмірімен таныстырады. - |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жандарында жүретін апайларың кім? **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Педагог М.Әлімбайдың «Біздің балабақшада» өлеңін оқып беріп, балалармен бірге қайталайды.<br><br>Балабақша есігін<br>Сәби болып ашқанбыз.<br>Балапандай мәпелеп<br>Өсіреді бақшамыз.<br>Бұл екінші үйіміз,<br>Біз туғанбыз бәріміз.<br>Біз – осы үйдің гүліміз,<br>Біз-осы үйдің сәніміз.<br>**Сөздік қор.**<br>**Бала, бала, баламыз**<br>*Е.Өтетілеуұлы*<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз!<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**«Балабақшамды безендіремін»**<br>Балалар дәптерде салынған балабақша үйін түрлі түсті қарындаштармен безендіріп, ауласын гүлдендіреді. Жұмыс соңында өздерінің балабақшаға деген жылы тілектерін білдіреді. | сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді. Қане, олар кімдер және не істейді екен?<br>·Біздің балабақшамыздың іші, сыртқы ауласы тобымызда сүртінетін сүлгілеріміз әрдайым тап-таза, аппақ болып тұрады. Ол кімнің еңбегі деп ойлайсыңдар?<br>·Балабақшада бізге дәмді тағамдарды кімдер әзірлейді?<br>·Ән, би, дене шынықтыру жетекшілеріміз бізге не үйретеді? Дәрігер апайымыз не істейді екен? Ал күні бойы сендердің жандарыңда жүретін апайларың кім?<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Педагог М.Әлімбайдың «Біздің балабақшада» өлеңін оқып беріп, балалармен бірге қайталайды.<br><br>Балабақша есігін<br>Сәби болып ашқанбыз.<br>Балапандай мәпелеп<br>Өсіреді бақшамыз.<br>Бұл екінші үйіміз,<br>Біз туғанбыз бәріміз.<br>Біз – осы үйдің гүліміз, | жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Б» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысалдар:<br>Ба-ба-ба – бала.<br>Бо-бо-бо – бота<br>Бө-бө-бө – бөрік.<br>Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ.<br><br>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал:<br>Па-па-па – парта.<br>Жа-па-лақ – жал-пақ.<br>Па-рақ – жа-пы-рақ.<br>**Сөздік қор.**<br>**Балабақшадағы алғашқы күн** Кішкентай Балжанды таңертең әжесі ұйқысынан оятты. – Сен бүгін балабақшаға барасың, онда сені жаңа достарың және апайың күтіп отыр, – деді әжесі. Қуанып кеткен Балжан әп-сәтте дайын бола қалды.Өйткені оның үйде іші пысатын , әжесінің мазасын алатын. Балабақшаға баруды асыға күтіп жүрген еді. Әжесі қолынан жетектеп балабақшаға алып | Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлмеміз жарық, әрі кең. Топта сіздерге арналған көп ойыншықтар бар.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>(Балаларға демонстрациялық көрнекілікті көрсете отырып, балабақшамен таныстыру) – Мынау не? – Оған не саламыз? т.б. сипаттарын атау, түсін, көлемін айту.<br>– Мынау не?<br>– Оған не саламыз?<br>– Қандай ойыншық көріп тұрсыңдар?<br>– Мынау не? (Кереует – жататын төсек).<br>– Онда не істейміз? (ұйықтаймыз, т.б.) топ, бөлме, кереует, қолжуғыш сөздерімен сөздік жұмыс жүргізіледі<br>**Сөздік қор.**<br>Топ – бұл жерде балабақшада балалардың шоғыры.<br>Бөлме – ғимарат ішіндегі жеке үй<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Жүректен жүрекке**<br>Балалар шеңберге жиналып, ойыншық жүрекшелерді алып, балабақшада жұмыс істейтін апайларына өздерінің жылы тілектерін айтып, жүрекшелерді ұжымдық жұмыстағы суреттердің қасына жапсырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрайды, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады. | Біз-осы үйдің сәніміз.<br><br>**Сөздік қор.**<br>**Бала, бала, баламыз**<br>*Е.Өтетілеуұлы*<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз!<br><br>Иилеміз оңға бір,<br>Иилеміз солға бір.<br>Тәрбиеші қарайды,<br>Аяққа бір, қолға бір.<br><br>Міне, «вагон», кіреміз,<br>«Пойызбен» жол жүреміз.<br>«Кемеге» де мінеміз,<br>Толқындарды тілеміз.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**«Балабақшамды гүлдендіремін»**<br>Балалар дәптерде салынған балабақша үйін түрлі түсті қарындаштармен безендіріп, ауласын гүлдендіреді. Жұмыс соңында өздерінің балабақшаға деген жылы тілектерін білдіреді.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Жүректен жүрекке**<br>Балалар шеңберге жиналып, ойыншық жүрекшелерді алып, | келді,тобына ертіп кірді. – Ал, балалар, әңгімені әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар, Балжан балабақшада кімдермен танысты, нелерді көрді, балабақша Балжанға ұнады ма? Дәптермен жұмыс. Бірнеше дәптердегі суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтыру. Дәптердегі тапсырма орындалады. Педагог балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады: 1.Тебіншек ат – шегіншек. 2.Шегіншек ат – тебіншек<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. «Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>– Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық?<br>– Біз бүгін кім туралы әңгімеледік?<br>**Күтілетін нәтиже:** жаңа дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрайды, суреттегі жетіспейтін жерлерді толықтырады;"б" " п" дыбыстарының | **«Нені қайда қоямыз?» дидактикалық ойыны.** Ойын шарты: Заттарды атай отырып, оларды қай жерге қоятынын айту (мынау- тон, оны шкафқа ілеміз, мынау - жастық оны жатын бөлмесіндегі кереуетке қоямыз, мынау сабын оны қол жуатын бөлмеге қоямыз т.б.).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Демонстрациялық көрнекіліктердегі суреттерді көрсете отырып, сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.<br>**Күтілетін нәтиже:** топтағы заттардың аттарын атап, киімдерін киім ілетін шкафқа жинауды; сұрақ-жауап арқылы диалогке қатысуды; заттарды ұқыпты күтіп ұстау ережесін сақтау дағдысын біледі. |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | балабақшада жұмыс істейтін апайларына өздерінің жылы тілектерін айтып, жүрекшелерді ұжымдық жұмыстағы суреттердің қасына жапсырады. **Күтілетін нәтиже:** Ауызекі сөйлеу дағдылары қалыптасады. Балабақша туралы түсініктері кеңиді. | ұқсастығын; әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады | |
| | **Баламен жеке жұмыс: «Табиғат мейірімді» Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету **шарты:** Тәрбиеші сөйлемді өзі бастап береді. Балалар сөйлемді ары қарай өздері жалғастырады. - Жер-ана мейірімді, өйткені ол ...(көкөністер мен жемістерді өсіреді) - Күн мейірімді, өйткені ол...(жарығы мен жылуын береді) | **Баламен жеке жұмыс: «З» және «с» дыбыстары** (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті) **Міндеті:** Дыбыс жайлы түсінік беру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту | **Баламен жеке жұмыс: «Нені қайда қоямыз?» Міндеті;** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. - дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; **Тілдің грамматикалық құрылымы** -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, **Байланыстырып сөйлеу:** - суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу **Шарты:** Заттарды атай отырып, оларды қай жерге қоятынын айту (мынау-тон, оны шкафқа ілеміз, мынау -жастық оны жатын бөлмесіндегі кереуетке қоямыз, мынау сабын оны | |

Scanned with CamScanner

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»**
**Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова**
**Топ: ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 08-12 қыркүйек 2025жыл**

| Дүйсенбі 08.09.2025 жыл | Сейсенбі 09.09.2025жыл | Сәрсенбі 10.09.2025 жыл | Бейсенбі 11.09.202025 жыл | Жұма 12.09.202025 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **Топ: №6 «Светлячок» ортаңғы тобы**<br>**«Жемістер мен көкөністер »**<br>**Міндеті:** Күз туралы білімдерін толықтыру,жемістер мен көкөністер түсінік беру.<br>Оларды ажырата білуге үйрету.<br>Есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту,сөздік қорын молайту.<br>Балалардың жеміс ағаштарын қорғап оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**«Жемістер мен көкөністер» ертегісі»**<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Жемістермен көкөністер жақсы өсу үшін не қажет? | **Топ: №8 «Сказка» ортаңғы тобы**<br>**«Жемістер мен көкөністер »**<br>**Міндеті:** Күз туралы білімдерін толықтыру,жемістер мен көкөністер түсінік беру.<br>Оларды ажырата білуге үйрету.<br>Есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту,сөздік қорын молайту.<br>Балалардың жеміс ағаштарын қорғап оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**«Жемістер мен көкөністер» ертегісі»**<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Жемістермен көкөністер жақсы өсу үшін не қажет?<br><br>-Олар жылуды қайдан | **Топ:№12 «Лучик» ересек тобы**<br>**«Бақша мен бақ»**<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көгеніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу. ә) Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу, ауызша сөйлеуін дамыту. б) Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалар назарын себеттегі жемістер мен көгөністерге аудара отырып, олардың кез келгенін алып, атын айтып, түсін, пішінін нақтылап сұрау. Мысалы: мынау алма, оның түсі қызыл, пішіні дөңгелек, дәмі тәтті т.б.<br>**Сөйлеудің дыбыстық** | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы**<br>**«Менің жазғы демалысым»**<br>**Міндеті:** Балалармен аталған тақырып төңірегінде әңгіме қозғалады. Әр бала өзінің жазғы демалысы туралы ауызша айтады.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Ой шақыру.**<br>Демалыс туралы не білеміз?<br>Сұрақ- жауап әдісі арқылы өз ойларын айтады.<br>Слайдта сұрақтар жазылып тұрады сол арқылы сабақтың тақырыбын ашады.<br>*1-сұрақ. Жаз айларын ата?*<br>*2-сұрақ. Жазда нелер піседі?*<br>*3- сұрақ. Жазда балалар не істейді?*<br>*4-сұрақ. Жазда балалар қайда барады?*<br>«Жазғы демалыс» экраннан суреттер көрсетіледі. | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы**<br>**«Жемістер бағында»**<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту<br>Жемістердің атауын айтамыз, әріптерді толықтырып, дыбыстарды белгілеу біледі; жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштарды қайталайды.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Ойын «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>1 Апта күндерін : дүйсенбі ....<br>2 Жыл мезгілдері: қыс, ...<br>3 Қыстың айлары желтоқсан -..... |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| -Олар жылуды қайдан алады?<br>-Күн қандай пішінге ұқсайды?<br>- Күннің түсі қандай?<br>Олай болса балалар біз «Күн» жасайық.<br>Тәрбиеші сары түсті дөңгелекке қыстырғыштарды қыстыру арқылы күн бейнесін жасап көрсетеді. Балаларға күн бейнесін жасауды ұсынады.<br><br>**Сөздік қор.**<br>**Д/ойын «Сиқырлы қоржын»**<br>-Балалар, алма, алмұрт, жүзім,өрік қайда өседі?<br>-қызанақ, қияр, асқабақ, картоптар қайда өседі?<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Д/ойын : «Жемістер мен көкөністердің дәмін ажырат»**<br>Көздері жұмылу күйде жемістер мен көкөністердің дәмін ажыратады<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**1« Байланыстырып сөйлеу алгоритмі»** тәрбиеші себетте қалған | алады?<br>-Күн қандай пішінге ұқсайды?<br>- Күннің түсі қандай?<br>Олай болса балалар біз «Күн» жасайық.<br>Тәрбиеші сары түсті дөңгелекке қыстырғыштарды қыстыру арқылы күн бейнесін жасап көрсетеді. Балаларға күн бейнесін жасауды ұсынады.<br><br>**Сөздік қор.**<br>**Д/ойын «Сиқырлы қоржын»**<br>-Балалар, алма, алмұрт, жүзім,өрік қайда өседі?<br>-қызанақ, қияр, асқабақ, картоптар қайда өседі?<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Д/ойын : «Жемістер мен көкөністердің дәмін ажырат»**<br>Көздері жұмылу күйде жемістер мен көкөністердің дәмін ажыратады<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>1**« Байланыстырып сөйлеу алгоритмі»** тәрбиеші себетте қалған жемістерді екі тілде айтып таныстырады:<br>-Мынау-алма ( алмұрт, жүзім,банан, апельсин, | **мәдениеті.**<br>**Ойын-жаттығулар:** («З» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау) а)Алманы ағаштан қалай алатынымызды сұрап, баққа барып себеттерімізге ағаштан үзіпүзіп жемістер жинауды ұсыну (жинайды). ә)Тәтті жемістердің дәмін татқысы келіп ұшып жүрген бал арасы болуды ұсыну (ыз-ыз деп ызылдап ұшады). «З» дыбысы бар қандай жемістер мен көгөністердің атауларын білетіндерін сұрап, бірге қайталау (жүзім, қарбыз, сәбіз)<br>**Сөздік қор.**<br>**Жұмбақ: Аспай піскен, қайнамай түскен. (Жеміс) (Түсіндіру жұмысын жүргізу:** неге ол аспай және қайнамай піседі? ) Педагог балаларға жемістер мен көгөністердің мол өнім беруі мен үлкен болып өсуінің себебін сұрай отырып, оның еңбекке байланысты екенін, күтіп-баптап өсірген бағбан еңбегінің зор екенін жеткізеді. Жемістер мен көгөністерді жемес бұрын қажетті қолданылатын тазалық кеңестерін дәріптейді<br>**Тілдің грамматикалық** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Суреттерді сөйлетеміз» әдісі<br>Суретпен жұмыс.<br>**Сөздік қор.**<br>Жаз мезгілінде барған жаңа орындар туралы айтады, қала атауларын үйренеді.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Аталған қала атауларын буынға бөледі, дыбыс санын анықтайды.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Қимылды ойын:** «Гүл тереміз»<br>Міндеті: 3 түрлі түсті гүлді (қызыл, сары, ақ) еденге шашып тастап, бір бала қызыл, бір бала сары, бір бала ақ түсті гүлдерді себетке жинайды. Қай бала бірінші жинап болса, сол бала жеңімпаз болады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Ауызша баяндап айта алады.<br><br>Баяғы өткен заманда орманда түрлі өсімдіктермен бірге, жемістермен көкөністерде өмір сүріпті. Орманның төбесінен жарқыраған күн ешқашан кетпеген. Сондықтан күз де қыста | **«Дұрыс ата!» ойын-жаттығу.** Тәрбиеші көкөністерді мен жемістерді бір себетке салып әкеледі.<br>Балалар, танитын көкөністерді айтады.<br>-Мынау-қияр ( қазынақ, картоп, сәбіз, қызылша, орамжапырақ) Бұлар көкөністер.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**«Кім тез жинайды?» дамытушылық ойыны.** Тәрбиеші екі шеңберді екі жаққа қояды. Жеміс пен көкөністерді екі себетке бөлек жинау. Жеміс пен көкөністерді топтастыру.<br><br>**Сөздік қор.**<br>балалар шеңбер бойына тұрып, сергіту сәтінің өлеңін қимыл-қозғалыстарына сай орындайды, бір-бір қоржыннан алады, екінші рет ойнағанда орнына салады.<br>Күзгі шақта<br>Біздің бақта<br>Түрлі түсті |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жемістерді екі тілде айтып таныстырады:<br>-Мынау-алма ( алмұрт, жүзім,банан, апельсин, лимон)<br>-Мынау не?<br>-Мынау – алма.<br>-Оның түсі қандай?<br>-Оның түсі қызыл.<br>-Ол дәмді ме?<br>-Иә.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалардың тілін сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамиды, сөйлеуге, берілген сұраққа толық жауап беруге тәрбиеленеді, танымдық қасиеттері артады. | лимон)<br>-Мынау не?<br>-Мынау – алма.<br>-Оның түсі қандай?<br>-Оның түсі қызыл.<br>-Ол дәмді ме?<br>-Иә.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалардың тілін сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамиды, сөйлеуге, берілген сұраққа толық жауап беруге тәрбиеленеді, танымдық қасиеттері артады. | **құрылымы.**<br>Жаңылтпаш (алма туралы) Бес түп алма, Бестік алғандікі, Төрт түп алма, Төрттік алғандікі., Бестік алған, Төрт түп алмайды. Төрттік алған, Бес түп алмайды. (Сандарды көрсете отырып айтады).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Педагог оқу қызметін балаларға күз мезгілінің сыйы жемістер мен көгөністерді себеттерге бөліп салдыра отырып, «Еңбек – адамның екінші анасы» мәтелін қайталап, дәмді алма, алмұрт, жүзімнен дәм татуды ұсыну.<br>**Күтілетін нәтиже:** жемістер мен көгөністерді және олардың пішіндерін ажыратуды; «З» дыбысын дұрыс айтуды; жемістердің бақта, көгөністердің бақшада өсетінін біледі. | болмаған, жемістермен көкөністер еш тоңбаған. (орманда өсіп тұрған жемістер мен көкөністерді көрсету)<br>Бір күні күннің бетін бұлт басып, айнала түнеріп,салқындық орнайды, қатты жел соғады. Бұрын мұндайды көрмеген жемістермен көкөністер қатты тоңып қалтырайды. Өздеріне пана іздеп жан-жаққа кете бастайды.<br>Алма ,алмұрт, жүзім,банан,лимон жолға шығады.Жемістер келе жатса,орманның шетінде ( үйшікті көрсету) үйшік тұрады<br>Үйшікті көрген жемістер қуанып қалады<br>Үйшіктің есігін қағады. - Бұл үйшікте ата мен әже тұрады екен<br>Ата:-Бұл кім?<br>-Балалар,қане біз жемістерге көмектесейік,әйтпесе атамен әже оларды үйшікке кіргізбейді<br>-Мынау не?<br>-Балалар, алманың пішіні қандай,<br>Түсі қандай?<br>Балалар жемістерге | Жеміс пісті: алма, алмұрт,жүзім, банан, апельсин, лимон.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>1.Кітапшадағы әріптерді толықтырып, дыбыстарды анықтап, егіншілікке керек заттарды танып, өріктің талда не жерде өсетінін ажыратып, қарындаштарды тіке және кері санау (таным дағды)<br>2.Жаңылтпаштар мен жұмбақтар жайында әңгімелейді, ой қосып сұрақтарына жауап алады. (қатынас дағды)<br>3.Бірнеше түсті суретті бейнелеу алгоритмін белгілейміз: - Ақшыл түстен бастап біртіндеп қою түске өтеміз. (шығармашылық дағды)<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**« Байланыстырып сөйлеу алгоритмі»**<br>тәрбиеші себетте қалған жемістерді екі тілде айтып |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | көмектеседі<br>Ата мен әже мәре-сәре болып отырса,тағы есік қағылады, ата келіп ашса, сәбіз, қызанақ, қияр, картоп келіп тұр екен.<br>Қияр айтады: Ата бізді кіргізбесең болмайды, үсіп кетейіндеп тұрмыз-дейді.<br>-Ата: сендер кімсіңдер?<br>-Балалар көкөністерге көмектесеміз бе?-өйткені олар тонған,қорыққан,қане көкөністермен таныстырайық атайды<br>Мынау не?<br>-Қиярдың пішіні қандай ?<br>-Ал түсі қандай?<br>-Картоптың пішіні қандай пішінге ұқсас?<br>-Картоптың түсі қандай?<br>-осылайша ата оларда үйшікке кіргізеді. Үйшікке жиналған жемістер мен көкөністер қайта табысқандарына қуанып мәз болады<br>Ата мен әже жемістермен ағашқа орналастырады ,ал көкөністерді бақшаға жерге орналастырады | таныстырады:<br>-Мынау-алма ( алмұрт, жүзім,банан, апельсин, лимон)<br>-Мынау не?<br>-Мынау – алма.<br>-Оның түсі қандай?<br>-Оның түсі қызыл.<br>-Ол дәмді ме?<br>-Иә.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балалардың тілін сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамиды, сөйлеуге, берілген сұраққа толық жауап беруге тәрбиеленеді, танымдық қасиеттері артады. |
| **Баламен жеке жұмыс: Жаз, күз (Сурет бойынша әңгіме құрау) Міндеті:** Жаз және күз мезгілдерінің | **Баламен жеке жұмыс:** Жаз, **күз (Сурет бойынша әңгіме құрау) Міндеті:** Жаз және күз мезгілдерінің айырмашылықтарын | **Баламен жеке жұмыс: «Ц» және «Ч» дыбыстары (сөйлеу мәдениеті) Мақсаты:** Дыбыстар жайлы білімдерін толықтыру. | **Баламен жеке жұмыс: «Түсі бойынша қос». Міндеті:** Түстерді ажырата білуге үйрету **Шарты:** Суреттегі заттарды түсі | **Баламен жеке жұмыс: «Айырмашылығын тап!» Міндеті:** диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| айырмашылықтарын әңгімелеуге үйрету. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. **Шарты** Жыл мезгілдерін ажырату | әңгімелеуге үйрету. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. **Шарты** Жыл мезгілдерін ажырату | Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру **Шарты** «Ц» және «Ч» дыбыстары кездесетін сөздерді суреттен ата | бойынша сызықпен қосу. Балалар суреттегі заттарды түсімен ажыратып, бір түспен боялған заттарды сызықпен қосады | және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. шарты: қаланың және ауылдың суреттері берілген. Балалар суреттерге қарап, қала мен ауылдың айырмашылығын табады |

Scanned with CamScanner

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»**
**Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова**
**Топ: ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтары**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 15-19 қыркүйек 2025 жылы**

| Дүйсенбі 15.09.2025 жыл | Сейсенбі 16.09.2025 жыл | Сәрсенбі 17.09.2025 жыл | Бейсенбі 18.09.2025 жыл. | Жұма 19.09.2025 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **Топ: №6 «Светлячок» ортаңғы тобы**<br>**«Менің ойыншықтарым»**<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша атауын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Сөз ойла, тез ойла»<br>Міндеті: Балалардың тапқырлықтарын байқау.<br>Барысы: Тәрбиеші ойыншық түрлерін айтады. Балалар тиісті сөздерді айтып, ойынды жалғастырады.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Кімге тиесілі ойыншық?» ойыншықтардың кімге тиесілі екенін анықтайды, | **Топ: №8 «Сказка» ортаңғы тобы**<br>**«Менің ойыншықтарым»**<br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша атауын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Сөз ойла, тез ойла»<br>Міндеті: Балалардың тапқырлықтарын байқау.<br>Барысы: Тәрбиеші ойыншық түрлерін айтады. Балалар тиісті сөздерді айтып, ойынды жалғастырады.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Кімге тиесілі ойыншық?» ойыншықтардың кімге тиесілі екенін анықтайды, ұл мен қыздардың ойыншығын ажыратады. | **Топ:№12 «Лучик» ересек тобы**<br>**«Қуыршақ, бізге қонаққа келді (ойыншықты суреттеу жайлы әңгіме құрау)»**<br>**Міндеті:** «Ойыншық» тақырыбы бойынша ауызша сөйлеулерін дамыту. Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу біліктерін жетілдіру. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу; еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Эстетикалық талғамын арттыру.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Педагог балалардан қуыршаққа бірлесіп, есімін қоюға ұсыныс тастайды. Мысалы: Сұлушаш, Камшат т.б. Қонаққа келген Сұлушаш қуыршақты дәстүр бойынша жоғары төрге шығару. Сұлушаштың киген көйлегі ұзын, ақ түсті, бүрмелі, әдемі, шашы қос бұрымды, ұзын, көздері дөңгелек, қарақаттай, басына киген бөркі туралы | **Топ: №10 «Радуга» тобы**<br>**«Менің сүйікті ойыншығым»**<br>**Міндеті:**<br>Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалар, мына көріп тұрғандарың "Шаштараз "бұрышы, мынау ақ халат, жедел жәрдем, дәрі-дәрмек, ине, барометр,кеуде тыңдағыш тұрған бұрыш қалай аталады? – деп балалардан сұрайды. – Ал ыдыстар, жапқыштар тұрған бұрыш қалай аталады? – Көліктер, жол белгілері, бағдаршам тұрған бұрыш қалай аталады? – Міне, | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы**<br>**«Ойыншықтар»**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.Ойыншықтардың атын айтуға үйрету.Дидактикалық ойынның шартын түсініп,тапсырманы орындау,дұрыс айту.Ойыншықтарды күтіп,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Ойыншықтар туралы жұмбақтар**<br>Жұмбақ<br>Шіркіннің өзіне обал-ақ,<br>Жүреді аяқта домалап. (Доп)<br><br>Аяғы бар,жүрмейді,<br>Аузы |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ұл мен қыздардың ойыншығын ажыратады.<br>**Сөздік қор.**<br>«Ойыншықтар неден жасалады?»<br>Ойыншық суреті көрсетіледі, суретке қарап ойыншықтың материалын айтады. Ағаш, пластмасса, темір, т.б атаулармен танысады.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**«Мен жасаған ойыншық»**<br>Ойыншықтарды қолдан жасауға бола ма? Болса қалай жасаймыз?<br>Ойыншықтар бізге қайдан және қалай келеді? Деген сұрақтар қою арқылы бірізді және нақты айтуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«Менің сүйікті ойыншығым»<br>Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту.<br>Күтілетін нәтиже: Күнделікті қолданыстағы сөздерді пайдаланып, ауызша мәтін құрап айтуға үйренеді. | **Сөздік қор.**<br>«Ойыншықтар неден жасалады?»<br>Ойыншық суреті көрсетіледі, суретке қарап ойыншықтың материалын айтады. Ағаш, пластмасса, темір, т.б атаулармен танысады.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**«Мен жасаған ойыншық»**<br>Ойыншықтарды қолдан жасауға бола ма? Болса қалай жасаймыз? Ойыншықтар бізге қайдан және қалай келеді?<br>Деген сұрақтар қою арқылы бірізді және нақты айтуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«Менің сүйікті ойыншығым»<br>Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту.<br>Күтілетін нәтиже: Күнделікті қолданыстағы сөздерді пайдаланып, ауызша мәтін құрап айтуға үйренеді. | балалармен бірге әңгімелеу. Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған үкісіне тоқталу. Оны үкі құсының қауырсынынан алынғанын және оның ерекшелігін айту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету. Ойын шарты: дәптердегі № 2 тапсырма бойынша үкі туралы әңгімелейді және үкі қауырсынын керекті затқа орналастырады. Мысалы. Үкі – орман құсы. Оның жүні үлпілдек. т.б<br>**Сөздік қор.**<br>«Қуыршақ» өлеңі<br>Сөйлемейсің сен неге,<br>Тілің жоқ па, қуыршақ?<br>Жуынбайсың сен неге,<br>Кірің жоқ па, қуыршақ?<br>Аяғың бар ма, сен неге,<br>Жүре алмайсың, қуыршақ?<br>Жұмсағанда сен неге,<br>Тіл алмайсың, қуыршақ?<br>Біз күлгенде күлмейсің,<br>Аңқаусың ба, қуыршақ?<br>Бізбен бірге жүрмейсің,<br>Жалқаусың ба, қуыршақ?<br>(Р. Тышқанбаев)<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Даусын айнытпай сал:** | сендер ойын бұрышындағы түрлі ойыншықтармен таныстыңдар – Балалар, сендер ойын бөлмесінен қандай ойыншықтарды көрдіңдер? – Ойыншықтар неден жасалған екен? – Ойыншықтардың түстері қандай? – Ойын бұрышында көрген доп "Д" дыбысынан басталады. Ал шаштараз бұрышындағы тарақтар "Т" дыбысынан басталып тұр. – «Д» және «Т»дыбыстары – бір-біріне ұқсас дыбыстар.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** – «Д», «Т» дыбыстары – дауыссыз дыбыстар. Дыбыстардың дұрыс айтылу артикуляциясы. «Д» дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістерге қатар тиеді. «Т» дыбысын айтқанда тіліміз үстіңгі тістің түбіне тиеді. Педагог «Д» және «Т»дыбыстарын буын ішінде айтқызады. Да – да – дала. До – до – доп. Та – та – тарақ.<br>**Сөздік қор.**<br>Дидактикалық ойын: «Жасырынған | бар,сөйлемейді.<br>Көзі бар көрмейді.<br>-Ол не? (қуыршақ)<br><br>Ақ сарайын талқандап,<br>Шықты біреу талдандап (ол жұмыртқадан жарып шығады)<br>(балапан)<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»**<br>-Балалар мынау қай қуыршаққа керек?<br>-Ұлға ма,әлде қызға ма?<br>Қуыршақты көрсету.<br>-Қыз қуыршақ қандай киім киеді екен?(көйлек,туфли т.б)<br>-Ұлдар ше?(шалбар,шорты, жейде)<br>-Олай болса оларға көмек көрсетейік.<br>Әр затты сипаттап,айту.<br><br>**Сөздік қор.**<br>Ойыншық сататын |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Құлыншақтан қуыршақ, Шауып жүріп құлады. Салшы даусын, қуыршақ, Сонда қалай жылады? (Жылаған дыбысты келтіреді).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балалар сүйікті ойыншықтары туралы сипаттап айтады.<br>Педагог Сұлушаш қуыршақтың қайтатын уақыты болғанын, онымен қоштасып, үйренген жаңа сөздерді қайталап, қонақты шығарып салу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>ойыншықтарды сипаттай алады. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгеруге дағдыланады; еркін қарым-қатынас жасау дағдылары дамиды. | ойыншықты тап». Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жаңылтпаш қайталату.<br>Топ бала, топ бала,<br>Ойнап жүр, топтала.<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.<br>(Е.Өтетілеуұлы)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>– Енді ойыншықтар арасынан ұнаған ойыншықтарыңды алып, сол туралы әңгіме құрап, суреттеп беріңдер. – Тағы да кім қандай ойыншықты ұнатады. – Иә, дұрыс, өте жақсы суреттеп әңгіме құрадыңдар.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды; ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін;дыбыстарды айнаға қарап үш дауыста айтуды біледі. | дүкен, сатушы сөздерімен таныстыру.<br>Дүкенштіден ойыншық аламыз, ақшасын төлейміз<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>***Дидактикалық ойын: «Мұнара құрастыру»***<br>Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>***Әңгімелесу.***<br>Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?<br>Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер?<br>Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды; ойыншықтардың неден жасалғандығын, |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | оның қажеттілігін;дыбыстарды айнаға қарап үш дауыста айтуды біледі. |
| **Баламен жеке жұмыс: «Көңілді доп»** **Міндеті:** Ыдыстардың атын атай білуге, жылдамдылыққа баулу. шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Ескерту: бірінің айтқанын бірі қайталамау керек. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ойынды қызыға ойнайды | **Баламен жеке жұмыс: «Көңілді доп»** **Міндеті:** Ыдыстардың атын атай білуге, жылдамдылыққа баулу. шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Ескерту: бірінің айтқанын бірі қайталамау керек. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ойынды қызыға ойнайды | **Баламен жеке жұмыс: «Заттың атын ата»** **Міндеті:** Балаларға әңгіменің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға үйрету. **Шарты:** Суреттегі ыдыс-аяқтардың атын атау. ( Мынау не? Ыдыс-аяқтар. Ыдыс-аяқтарға кесе, тостаған, қасық, шанышқы т.б. жатады). Оларды не үшін қолданатынын жеке-жеке атайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалармен аналарына көмектесуі туралы сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгімелесу. | **Баламен жеке жұмыс: «Мынау не?» Міндеті** Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту,ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге үйрету, ойын арқылы сөздік қорын байыту. **Шарты:** Түрлі суреттегі ойыншықтардың суретін, оның ішінде аюды көрсетіп: – Мынау не? – Бұл – аю. Бұл – жұмсақ пүліштен жасалған үлкен аю. Пүліш – жұмсақ мата. Өзі тап-таза, мойнында қызыл таспасы бар. Ал мынау – кішкентай аюдың баласы қонжық. | **Баламен жеке жұмыс: «Сүйікті ойыншықтар» Міндеті** Ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету **Шарты:** Балалар көп ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және керікті табу, оларды сипаттау, доп домалақ, түсі көк,шарға ұқсайды. |

Scanned with CamScanner

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы**
**Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова**
**Топ: №6 «Светлячок», №8 «Сказка» ортаңғы топтары, №12 «Лучик» ересек тобы, №10 «Радуга» МАД тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 22-26қыркүйек 2025жыл**

| Дүйсенбі 22.09.205жыл | Сейсенбі 23.09.2025 жыл | Сәрсенбі 24.09.2025 жыл | Бейсенбі 25.09.2025жыл | Жұма 26.09.2025 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **Топ:№6 «Светлячок» ортаңғы тобы**<br>**Тақырыбы:** «Менің оқулықтарым»<br>**Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.** «Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Менің оқулықтарым» балалардың сөздік қорларын байыту, оқулықтардың қазақша аталуын есте сақтауға | **Топ:№8 «Сказка» ортаңғы тобы**<br>**Тақырыбы:** «Менің оқулықтарым»<br>**Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.** «Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Менің оқулықтарым» балалардың сөздік қорларын байыту, оқулықтардың қазақша аталуын есте сақтауға | **Топ:№12 «Лучик» ересек тобы**<br>**Тақырыбы:** «Менің оқулықтарым»<br>**Міндеті:** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>«Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>«Менің оқулықтарым» балалардың сөздік қорларын байыту, оқулықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ | **Топ: №8 «Радуга» МАД тобы**<br>**«Көліктер»**<br>**Міндеті:** жеңіл көліктің неге олай аталатынын еске түсіреді; атауын айтып, буынға бөліп, дыбыстарды белгілеп, әріптерді толықтырады; жеңіл көлікті қолданғанда қауіпсіздік шараларын пайдаланатындығын біледі; велосипед пен жеңіл көлік жол ережелерін ажыратады; бағдаршамның түстерін танып, қауіпсіздік шараларын қолданады.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Көлік туралы жұмбақтар:**<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ:<br>Май жейді, Су ішеді.<br>Бұл не екен балалар?<br>**(Мәшине)**<br><br>Күндіз - түні жанамын,<br>Дабыл беріп бәріне<br>Үш түрлі түсім бар, | **Топ: №8 «Радуга» МАД тобы**<br>**«Көлік түрлері»**<br>**Міндеті:** көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Жұмбак**<br>Бір көзім «кідір», – дейді,<br>Бір көзім «жүгір», – дейді,<br>Бір көзім «абайла», – дейді,<br>«Қарап ал маңайға» , – дейді.<br>Ол не? (Бағдаршам)<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кемемен, қайықпен суда |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| тойдыр, сонан соң жейсің – дейді күшік.<br>-Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер,-дейді қасқыр. Екеуі бір топ сиырды көреді.<br>-Күшік, менің көздерім,құлақтарым, аузым, құйрығым қандай?-дейді қасқыр.<br>-Көздерің қып-қызыл, екі құлағың жымиған, ауызың арандай ашылған, құйрығың жас шыбықтай майысып тұр.<br>Қасқыр:<br>-Енді маған қара,-деп бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, күшікті де тойғызады, өзі де тояды.<br>-Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол!-деп кетіп қалады. Іші пысқан күшік мысыққа кездеседі.<br>-Мысық мен сені жеймін,-дейді.<br>-Мені тойдыр күшік.<br>-Жарайды, менімен бірге жүр,-дейді күшік. Екеуі бір топ жылқыны көреді.<br>-Мысық маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай?<br>Көзің бозарып, құлағың сылпиып, құйрығың салпақтап тұр.<br>Күшік: | тойдыр, сонан соң жейсің – дейді күшік.<br>-Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер,-дейді қасқыр. Екеуі бір топ сиырды көреді.<br>-Күшік, менің көздерім,құлақтарым, аузым, құйрығым қандай?-дейді қасқыр.<br>-Көздерің қып-қызыл, екі құлағың жымиған, ауызың арандай ашылған, құйрығың жас шыбықтай майысып тұр.<br>Қасқыр:<br>-Енді маған қара,-деп бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, күшікті де тойғызады, өзі де тояды.<br>-Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол!-деп кетіп қалады. Іші пысқан күшік мысыққа кездеседі.<br>-Мысық мен сені жеймін,-дейді.<br>-Мені тойдыр күшік.<br>-Жарайды, менімен бірге жүр,-дейді күшік. Екеуі бір топ жылқыны көреді.<br>-Мысық маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай?<br>Көзің бозарып, құлағың сылпиып, құйрығың салпақтап тұр.<br>Күшік: | **мәдениеті.**<br>**Жұмбақ:**<br>Әрі қызыл, әрі тәтті,<br>Жеген жанды таңырқатты.<br>**жауабы: Алма**<br>**Сөздік қор.**<br>**Алма:**<br>Нарттай қызыл алмам бар,<br>Мәз болады алғандар.<br>Жазда әдемі киінем,<br>Тілді балдай үйірем.<br>**Өрік:**<br>Өрік деген атым бар,<br>Менен де дәм татыңдар.<br>**Шие:**<br>Шиемін мен шиемін,<br>Піскенше тон киемін.<br>Бала келсе қасыма<br>Басымды мен иемін.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Жеміс атауларына дыбыстық талдау жасату**<br>Алма, шие, өрік, алмұрт, құлпынай, т.б.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>«Күз-жомарт»<br>Е.Өтетілеуұлы<br>**Мақсаты:** Өлеңді логикалық екпінмен, үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Жемістерді біледі, сөздерге сөйлемдер құрайды. | Дидактикалық ойын «Бұл не?».<br>Мына кітапшада қандай заттар бейнеленген?<br>«Ұлымен серуендеп келе жатқан кісіге көптен көрмеген танысы кезігеді. Әңгіме барысында танысы қанша бала-шаған бар деп сұрайды. Әлгі кісі мына ұлымның әпкелері мен ағаларының саны бір-біріне тең.<br>Ал ең үлкен қызымның сіңлілерінің саны інілерінің санынан екі есе аз деп жауап береді.<br>Сонда қанша ұлы, қанша қызы бар?» Жауабы: 4 ұл және 3 қызы бар<br>**Сөздік қор.**<br>Аға, әпке сөздеріне дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**«Аға мен әпкенің қарым-қатынасы тура не білеміз?»** ой қозғау.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>- Аға, әпке кім?<br>- Аға, әпке жайында естеліктер айтады?<br>- Қазақ тіліне тән «Ғ», «Ә» дыбыстарының орнын анықта? | жұртың, Айтыңдар, олар, кім? – **Отбасы**<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Бізге ең жақын, ең қымбат жандар отбасында тұрады. Ата, әже, әке, ана, аға, іні, бауыр, әпке, сіңлі, қарындас – отбасы болып есептелетінін сендер білесіңдер. Олар бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды және қамқорлық жасап жүреді. Отбасы тақырыбында білімдеріңді кеңейту мақсатында бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбын «Іні-қарындас» деп атап отырмыз. Іні, қарындас отбасы мүшесі. Отбасы туралы санамақты айтайық. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек — анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. Әр бала өз отбасында нешеу екенін айтып, жарысады.<br>**Сөздік қор.**<br>Нақыл сөздер: Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай; Қонағы келсе, құрметтеп |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| -Қара маған не қыларымды?-деп жылқыға жабыса кетеді. Жылқы маңдайынан бір тебеді.<br>Күшік сол арада ұшып түседі.<br>Сонда мысық:<br>-Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен қасқыр бола алмайсың,-дейді.<br><br>**Сөздік қор.**<br>Марғау, күшік.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Өс- өс- өс,<br>Тігіп алдым қос,<br>Екіге екіні қос.<br>Көңілде жоқ қос.<br>Өс-өс-өс.<br>Өнегелі болып өс.<br>Ұқыпты боп өс.<br>Ағаш тез- тез өс.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Демонстрациялық құралмен жұмыс**<br>Тақтаға күшік пен мысықтың суреті ілінеді.<br>-Балалар, сендер ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>-Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br>-Ит деген сөз неше буыннан тұрады.<br>-Балалар дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br>-Ал мысықтың баласын | -Қара маған не қыларымды?-деп жылқыға жабыса кетеді. Жылқы маңдайынан бір тебеді.<br>Күшік сол арада ұшып түседі.<br>Сонда мысық:<br>-Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен қасқыр бола алмайсың,-дейді.<br>**Сөздік қор.**<br>Марғау, күшік.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Өс- өс- өс,<br>Тігіп алдым қос,<br>Екіге екіні қос.<br>Көңілде жоқ қос.<br>Өс-өс-өс.<br>Өнегелі болып өс.<br>Ұқыпты боп өс.<br>Ағаш тез- тез өс.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Демонстрациялық құралмен жұмыс**<br>Тақтаға күшік пен мысықтың суреті ілінеді.<br>-Балалар, сендер ненің суретін көріп тұрсыңдар?<br>-Күшіктің анасын қалай атаймыз?<br>-Ит деген сөз неше буыннан тұрады.<br>-Балалар дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.<br>-Ал мысықтың баласын | | **Күтілетін нәтиже:** Аға, әпкені сыйлайды; - Аға, әпке жайында достарының әңгімесін, тәрбиешінің мақал-мәтелдерін тыңдайды; - Қазақ тіліне тән «Ғ», «Ә» дыбыстарының орнын ажыратады; - Қолына қалам ұстап үйреніп келеді. | жайлағандай; Тындырымды інісі болса; Қанат-құйрығы сай болып, Көңілі жай болып, Ағаның алар тынысы болса; Інінің міндеті - басқару, Ағаның реті - бас бағу емес пе?<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>- Іні, қарындастарың болса, есімін атап, кішігірім сипаттап берейік, балалар! Өзіңнен кішкентайініңе немесе қарындасыңа қандай қамқорлық жасайсыңдар балалар?<br>- Мынау кім?<br>- Мынау – қыз<br>Қыз - ана, әпке, қарындас, сіңлі.<br>«Гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі» дей отырып, қарындас деген халқымдай қастерлі екен, өзі-бауыр, өзі-отан, өзі-тілек, өзі-көз екенін ұмытпауымыз қажет.<br>- Қанеки, балалар мына суреттегі енді ұл бала жайында әңгімелеп беріңдерші (әр бала өз түсінігін айтады). - Сендерге мен көмектесейін, тоқталып өтейін. Ұл бала - қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – атаананың отын |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| марғау деп атаймыз.<br>-Марғау сөзі неше буынға бөлінеді?<br>-Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.<br>-Ақтөс пен мамық сөздері неше буыннан тұрады?<br>Ал, мына кубикпен ойнай отырып суретті атап буынға бөлеміз<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>-Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші?<br>-Күшік келе жатып неге жолығады?<br>-Қасқыр не дейді?<br>-Күшік не дейді?<br>-Екеуі келе жатып нелерді көреді?<br>-қасқыр не жейді?<br>-Тойған қасқыр күшікке не дейді?<br>-Іші пысқан күшік неге жолығады?<br>-Мысыққа не дейді?<br>-Мысық не дейді?<br>-Күшік жолда нелерді көреді?<br>-Жылқыға күшіктің шамасы келе ме?<br>-Міне, балалар, «әлің білмеген әлек» деген осыдан қалған екен.<br><br>-Енді осы ертегіні рөлдерге | марғау деп атаймыз.<br>-Марғау сөзі неше буынға бөлінеді?<br>-Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.<br>-Ақтөс пен мамық сөздері неше буыннан тұрады?<br>Ал, мына кубикпен ойнай отырып суретті атап буынға бөлеміз<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>-Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші?<br>-Күшік келе жатып неге жолығады?<br>-Қасқыр не дейді?<br>-Күшік не дейді?<br>-Екеуі келе жатып нелерді көреді?<br>-қасқыр не жейді?<br>-Тойған қасқыр күшікке не дейді?<br>-Іші пысқан күшік неге жолығады?<br>-Мысыққа не дейді?<br>-Мысық не дейді?<br>-Күшік жолда нелерді көреді?<br>-Жылқыға күшіктің шамасы келе ме?<br>-Міне, балалар, «әлің білмеген әлек» деген осыдан қалған екен.<br><br>-Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық. | | | тұтатушы болып саналады. Қазақ отбасының ерекшелігі, жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде. Отбасындағы ер баланың өз орны бар. Мысалы, тұңғыш ұл - кейінгі іні - қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оған «Ағасы бардың - жағасы бар» деп арқа сүйенген. Кенже ұл - шаңырақ иесі. Отбасында жасы үлкен балалары өсіп, әрбір саланың маманы атанып, жеке отау құрып, басқа елді мекендерде орнығып жатқан жағдайда, үйдің кенже ұлы қара шаңыраққа ие болып қалады деген қағида қалыптасқан<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Енді Жеті атаға қысқаша тоқталайық. Өз ұрпағына жеті атасын үйрету – атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы және т.б. жеті атасының есімдерін жаттап өседі. |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| бөліп сахналайық.<br>(Атрибуттарын кигізу)<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Ертегінің мазмұнын түсінеді. Ойлау қабілеттері дамды. Ертегіні ойдан құрастырады. | (Атрибуттарын кигізу)<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Ертегінің мазмұнын түсінеді. Ойлау қабілеттері дамды. Ертегіні ойдан құрастырады. | | | Осылай тараған ұрпақтар бір атаның балалары болып саналады. Бір баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Жеті атаға толмай бірбірімен қыз алыспайды. Бір атадан тараған туыстар бір-бірімен туыстық, бауырмалдылық, сыйластықта болады. «Жеті ата» - бір кісіден тараған аталас қауым:<br>**Жеті ата**<br>**1. Бала**<br>**2. Әке**<br>**3. Ата.**<br>**4. Арғы ата**<br>**5. Тек ата**<br>**6. Түп ата**<br>**7. Туажат**<br>(ата-ананың көмегімен кітапшаға жазып келу) Қазақ халқының көнеден қалыптасқан қағидаттарының бірі жеті атасын тізімге іліп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыратын ШЕЖІРЕ деген ұғым бар. Шежірені жаттап өскен ұрпақ рушылдыққа бөлінуге емес, ұлттың біртұтас ҰЛЫС болуына тәрбиеленеді<br><br>**Дидактикалық ойын «Бұл не?».** |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | **Жаңылтпаш айтып көреміз:** «Ағалар аға бола алар ма деп,<br>Балалар баға қоя алар ма екен.<br>Балалар бағаға бара алмаса,<br>Ағалар аға бола алар ма екен»<br>- Жади Шәкен.<br>- Қамқор болу дегенді қалай түсінесің?<br>- Жеті ата туралы не білдіңдер?<br>**Күтілетін нәтиже:** Кішіге қамқорлық жасайды; -<br>Қолына қалам қарындашты дұрыс ұстап үйреніп келеді;<br>- Қойылған тапсырмаларды түсініп орындайды. |
| | | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Күз жомарт»**<br>**Мақсаты**: Күз мезігілі туралы түіснеді. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету,<br>ойлау қабілеттерін және сөздік қорын дамыту. | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**Ой шақыру.**<br>**Мақсаты:** айтқан сөздерді мұқият тыңдай алады, анық жауап бере біледі.<br>ДОС — деген сөзді естігенде ойларыңа қандай сөздер келеді. Қане балалар ассоциация жасайық. ДОС → Адал, мейірімді, қайырымды, көмектеседі, қамқор. | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**Сөздік жаттығуы.**<br>**"Төлдерін ата".**<br>Мақсат-міндеттері. Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңдар, енесі мен төлінің жұбын құрастырады.<br>Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және оның төлін айтады. |

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай- бақшасы»**
**Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова**
**Топ: № 6 «Светлячок» №8 «Сказка» ортаңғы топтары, №12 «Лучик» ересек тобы, № 10 «Радуга» МАД тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 24-28 караша 2025жыл**

| Дүйсенбі 24.11.25 ж | Сейсенбі 25.11.25ж | Сәрсенбі 26.11.25 ж | Бейсенбі 27.11.25 ж | Жұма 28.11.25ж |
|---|---|---|---|---|
| **Топ: №6 «Светлячок» ортаңғы тобы «Менің досым»** **Мақсаты:** балаларға «дос» сөзіне түсінік беру, өзінің досының есімін және досы туралы айта білуге үйрету. Сөйлеу мүшесінің қозғалыс қимылын, саусақ моторикасын жаттықтыру. Зейінің, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін дамыту, ойын дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу тілін және сөздік қорың дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ойындар арқылы еркін, дұрыс жауап беруге дағдыландыру. **Тілдік дамытушы орта.** -Балалар бүгін біз дос жайлы әңгімелесеміз. «Дос» деген сөз екі | **Топ: №6 «Светлячок» ортаңғы тобы «Менің досым»** **Мақсаты:** балаларға «дос» сөзіне түсінік беру, өзінің досының есімін және досы туралы айта білуге үйрету. Сөйлеу мүшесінің қозғалыс қимылын, саусақ моторикасын жаттықтыру. Зейінің, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін дамыту, ойын дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу тілін және сөздік қорың дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ойындар арқылы еркін, дұрыс жауап беруге дағдыландыру. **Тілдік дамытушы орта.** -Балалар бүгін біз дос жайлы әңгімелесеміз. «Дос» деген сөз екі немесе бірнеше бірге ойнап, бір-біріне кез келген сәтте көмектесе білетін, ренжітпейтін, ойыншықтарың бөлісетін, ұрыспайтын, бірге саябаққа, музейге, асханаға, театрға баратын, бірге би- | **Топ:№12 «Лучик» ересек тобы «Дос болайық, бәріміз»** **Мақсаты:** Қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылығы ретіндегі маңыздылығын ашады. Мейірімділік адами қасиеті мен өзара көмек әрекеттері туралы түсінік қалыптасады. Қамқорлық жасау, көмек көрсету дағдыларын дамытады; қайырымды, жағымды қарым-қатынастар жасауға тәрбиеленеді **Тілдік дамытушы орта.** Мейірімділік Қамқорлық, көмектесу ұғымдарының мағынасын ашады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** *Педагогтың жетекшілігімен ойын:* «Анасын тап» **Мақсаты:** Балалар төлдердің анасын таба біледі. **Сөздік қор.** *Педагогтың жетекшілігімен* | **Топ:№10 «Радуга» МАД тобы «Жылқы малы мен төлі туралы не білеміз?»** **Мақсаты:** үй жануарларының ерекшелігімен таныстырады; жылқы туралы әңгімелеп, төлін, пайдасы мен қасиетін атап өтеді; атауын қазақ тілінде дұрыс дыбыстау, «Қ» дыбысының орнын ажыратуды айтады; жылқының әрекетін сомдату, дыбысын салуды сұрайды; қол - қимыл әрекетімен жұмыс жасатады. **Тілдік дамытушы орта.** **Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)** Суреттегі жануарларды атап өтіп, оның ішінен жылқыға тоқталып, «Кәнеки, балалар, мен сендерге бүгін үй жануары - жылқымен | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы «Түйе малы туралы не білеміз?»** **Мақсаты:** түйе туралы білетіндерін еске түсіреді; атауын айтады, буындайды, толықтырып жазуды көрсетеді; түйенің жылқыдан ерекшелігі мен ұқсастығын айтып әңгімелейді; түйенің төлін «бота» деп аталатынын айтады; түйенің қандай пайдасы барын үйретеді. **Тілдік дамытушы орта.** **Дидактикалық ойын «Бұл не?»(суреттермен жұмыс)** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Далада жүрген түйелер Жайылып жүрген жылқылар Жылқы мен түйені |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| немесе бірнеше бірге ойнап, бір-біріне кез келген сәтте көмектесе білетін, ренжітпейтін, ойыншықтарың бөлісетін, ұрыспайтын, бірге саябаққа, музейге, асханаға, театрға баратын, бірге би-билеп ән айтатын өзара достығын айтамыз.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>***«Сиқырлы көзәйнек» жаттығуы***<br>*-Қазір мен сендерді «Сиқырлы көзәйнек» ойынын ойнауға шақырамын. Бізде сиқырлы көзәйнек бар, ол досыңның ең жақсы қасиетін көруге көмектеседі. Міне ол, қарандаршы. Мен бірінші болып киіп көрейінші.*<br>*Мысалы: Самрат жақсы бала, ол барлық балалармен ойыншықтарын бөліседі.*<br><br>**Сөздік қор.**<br>*«Достық» таппағын жаттаймыз.*<br>*Достарды біз тыңдаймыз,* | билеп ән айтатын өзара достығын айтамыз.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>***«Сиқырлы көзәйнек» жаттығуы***<br>*-Қазір мен сендерді «Сиқырлы көзәйнек» ойынын ойнауға шақырамын. Бізде сиқырлы көзәйнек бар, ол досыңның ең жақсы қасиетін көруге көмектеседі. Міне ол, қарандаршы. Мен бірінші болып киіп көрейінші.*<br>*Мысалы: Самрат жақсы бала, ол барлық балалармен ойыншықтарын бөліседі.*<br><br>**Сөздік қор.**<br>*«Достық» таппағын жаттаймыз.*<br>*Достарды біз тыңдаймыз,*<br>*Реңжіткенде қорғаймыз.*<br>*Біздің топта ұл, қыздар,*<br>*Тату-тәтті ойнаймыз.*<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>***Суретпен жұмыс***<br>Шарты: балалар суретке қарай отырып, достардың іс – әрекетін әңгімелейді.<br>-Міне, көрдіңбе Күннің көзі біздің балалар қандай тату.<br>Аз қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.** | *ойын:* «Тіл ұстарту жаттығуы»<br>Мақсаты: Түрлі екпінде анық және дұрыс айта алады. Балалар әр-түрлі көңіл- күй эмоциясын білдіре алады<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттер бойынша әңгіме құрастырады. Достық қарым-қатынас, үй ішінде жақындарына көмек көрсету туралы әңгімелер құрастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** достық, қамқорлық ұғымдарын түсінеді. Адами қасиеттердің маңыздылығын біледі. Қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеді. | таныстырамын».<br>Тәрбиеші көтеріңкі көңіл-күйде, жүзі махаббатқа толы болуы керек. Жылқылар туралы төлін, пайдасын суреттерді көрсете отырып айтады.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Суреттермен жұмыс:**<br>Жылқының баласын ҚҰЛЫН деп айтады.<br>Құлындар қандай қимылдар жасап жатыр?<br>**Сөздік қор.**<br>Жайлау — жазғы қоныс. Жайлауда суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды.<br>Қора — мал ұстайтын орын. Ол мал түліктерінің түріне қарай әр түрлі болады. Мысалы, ат қора, сиыр қора, қой қора, төл қора және жабық қора және т.б.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)**<br>Суреттің қайсысы ұқсайды? Олар қандай қимыл жасап тұр?<br>Топпен суреттегі өздеріне | салыстыр. Ерекшелігін көрсет. Ұқсастығын ата<br><br>**Сөздік қор.**<br>Жем-шөп — малды азықтандыру үшін пайдаланатын өнімдер. Олар өсімдік текті, жануар текті және минералдық болады. Жем-шөп құрамында сіңімді қоректік заттар көп.<br>Сыбаға – құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап сақталған кәделі ет мүшелері, тағам.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>1. Кітаптағы толық емес әріптерді толтыру, «Ү» орнын табу, дыбыстарды белгілеу, төлін ажыратып, пайдасын білу, санды жазу (танымдық д.д.).<br>2. Екі суретті қарап ұқсастығы мен ерекшелігін салыстырамыз.<br>3.Суреттегі түйенің қимылын сомдап, өздері содан соң түсіндіреді (ш.д.д).<br>**Байланыстырып** |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Реңжіткенде қорғаймыз.*<br>*Біздің топта ұл, қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз.*<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>***Суретпен жұмыс***<br>Шарты: балалар суретке қарай отырып, достардың іс – әрекетін әңгімелейді.<br>-Міне, көрдіңбе Күннің көзі біздің балалар қандай тату.<br>Аз қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>***«Ақ тілек»*** ойыны.<br>***Шарты:*** Балалардың қолына гүл шоқтары беріледі, балалар шеңбер құрып гүлді бір-біріне беру кезінде жақсы ақ тілек сөздер айтады.<br>**Күтілетін нәтиже:** достық, қамқорлық ұғымдарын түсінеді. Адами қасиеттердің маңыздылығын біледі. Қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеді. | ***«Ақ тілек»*** ойыны.<br>***Шарты:*** Балалардың қолына гүл шоқтары беріледі, балалар шеңбер құрып гүлді бір-біріне беру кезінде жақсы ақ тілек сөздер айтады.<br>**Күтілетін нәтиже:** достық, қамқорлық ұғымдарын түсінеді. Адами қасиеттердің маңыздылығын біледі. Қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс айтуды үйренеді. | | таныс сурет туралы әңгімелейді...<br>(коммуникациялық дағды қалыптасады)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>1. Балалар (жеке жұмыс): - жылқы туралы өз ойларын, төлі мен пайдасы жайлы түсінгенін айтады, «Қ», «Ө» дыбыстарының орнын табады, кітапшадағы жарты әріптерді толықтырады, дауысты дыбыстарды бояйды; (танымдық д.д.)<br>2. Суреттегі жылқы қандай қимылда көрсетілген. Сомдап көрсетеді, дауысын салады, жылқы болып шабады, жай жүреді. Ол жайында ойын айтады. (Балалар оны қимылмен көрсете алады. Коммуникативтік, Шығармашылық д.д.).<br>3. Боялған жылқыда, неше түс бар? Қарындаштарды тіке және кері сана? Жетпегенін қос. (таным, әлеумет д.д.)<br>**Күтілетін нәтиже:** үй жануары - жылқы жайлы, оның төлі, мал өсіру, жем, астау, соғым, сыбаға жайлы біледі; атауларды | **сөйлеу. ҰҚСАСТЫҒЫ**<br>Жылқы ерекшелігі<br>Түйе ерекшелігі<br>1.Тапсырманы орындайды. Бояйды, екі суреттегі:<br>Бас – _______<br>Аяқтар – ______<br>Көз –________<br>Құлақ –________<br>Өркеш –_____<br><br>Санын жазады, салыстырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** түйе туралы білімін еске түсіреді; атауын айтып, «Ү» орнын табады, жетпеген әріптерді толықтырады; жылқы мен түйені салыстырады; түйенің қандай қимылдағы кезі бейнеленгенін түсіндіреді. |

Scanned with CamScanner

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»**
**Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова**
**Топ: №6 «Светлячок» №8 «Сказка» ортаңғы топтары, №12 «Лучик» ересек тобы, №10 «Радуга» МАД тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 01-05 желтоқсан 2025 жыл**

| Дүйсенбі 01.12.2025 ж | Сейсенбі 02.12.2025 ж | Сәрсенбі 03.12.2025 ж | Бейсенбі 04.12.2025ж | Жұма 05.12.2025ж |
|---|---|---|---|---|
| **Топ:№6 «Светлячок» ортаңғы тобы «Отбасы мүшелері»** **Мақсаты:** Балаларға отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Отбасындағы өзара сыйластық қарым - қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор бола білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. **Тілдік дамытушы орта.** Балалар бүгін біз отбасы туралы әңгімелесеміз. Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? Отбасы дегеніміз ата - ана және жақын туыстарыңыз, ягни бір үйде тұратын адамдар. Үйдегі аталарың мен әжелерің отбасындағы ең үлкендер, сондықтан | **Топ:№8 «Сказка» ортаңғы тобы «Отбасы мүшелері»** **Мақсаты:** Балаларға отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Отбасындағы өзара сыйластық қарым - қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор бола білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. **Тілдік дамытушы орта.** Балалар бүгін біз отбасы туралы әңгімелесеміз. Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? Отбасы дегеніміз ата - ана және жақын туыстарыңыз, ягни бір үйде тұратын адамдар. Үйдегі аталарың мен әжелерің отбасындағы ең үлкендер, сондықтан сендер оларды | **Топ:№12 «Лучик» ересек тобы «Айналамдағы жандар мен заттар»** **Мақсаты:** отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді. Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру **Тілдік дамытушы орта.** **«Ғажайып алаң» ойыны** Отбасымен түскен суреттер, фотоальбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды. – Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты – ... . Атам теледидар көреді. – Мынау – менің әжем. Әжемнің аты – ... . Әжем ән айтады. | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы «1001 мақал, 101 жұмбақ пен жаңылтпаш» ойыны** **Мақсаты:** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. Жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру,қайырымдылыққа тәрбиелеу. **Тілдік дамытушы орта.** Суреттер бойынша жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді табады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Балалардың тапқырлықтарын байқау. Барысы: Тәрбиеші ортақ атауын айтады. Балалар тиісті сөздерді айтып, ойынды жалғастырады. Мысалы: Тәрбиеші «жеміс» десе, балалар алма, алмұрт, банан, апельсин, т.б. айтады. | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңі** **Мақсаты:** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту **Тілдік дамытушы орта.** Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Тәуелсіздік» сөзіне дыбыстық талдау жасау, сөзді буынға бөлу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| сендер оларды құрметтеп, сыйлауларың керек. Ал әке мен ана сендердің ең жақын адамдарың. (Слайд көрсете отырып, отбасы мүшелерін таныстыру). - Бұларды бір сөзбен қалай деп айтамыз?<br>- Әжеміз, атамыз, анамыз, әкеміз, аға - әпкелеріміз бізді еркелетіп атайды. Олар сендерді «күнім, айым, жұлдызым» деп аспандағы ғажайып нәрселерге теңейді.<br>- Қане, отбасында сендерді кімдер және қалай еркелетеді екен. Есімізге түсіріп айтып көрейікші.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дидактикалық ойын: «Бес саусақ». Ойын шарты: тақтаға бес саусақ ілінеді. Бес саусаққа отбасы мүшелерінің суреттерін бір - бірлеп жапсырып, атап шығады.<br>**Сөздік қор.**<br>Санамақ:<br>Бас бармағым - атам | құрметтеп, сыйлауларың керек. Ал әке мен ана сендердің ең жақын адамдарың. (Слайд көрсете отырып, отбасы мүшелерін таныстыру). - Бұларды бір сөзбен қалай деп айтамыз?<br>- Әжеміз, атамыз, анамыз, әкеміз, аға - әпкелеріміз бізді еркелетіп атайды. Олар сендерді «күнім, айым, жұлдызым» деп аспандағы ғажайып нәрселерге теңейді.<br>- Қане, отбасында сендерді кімдер және қалай еркелетеді екен. Есімізге түсіріп айтып көрейікші.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дидактикалық ойын: «Бес саусақ». Ойын шарты: тақтаға бес саусақ ілінеді. Бес саусаққа отбасы мүшелерінің суреттерін бір - бірлеп жапсырып, атап шығады.<br>**Сөздік қор.**<br>Санамақ:<br>Бас бармағым - атам үйдің данасы,<br>Балаң үйрек - әжем отау | – Мынау – менің әкем. Әкемнің аты – ... . Әкем ойыншық берді.<br>– Мынау – менің анам. Анамның аты – ... . Анам тамақ пісіреді. Біз тату тұрамыз<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта».**<br>**Ойын шарты:**<br>Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады<br>**Сөздік қор.**<br>Балалар, айналаға қарандаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар).<br>Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір | **Сөздік қор.**<br>**Тіл гимнастикасы**<br>**«Р»-ға тілің келе ме?**<br>**Қаламқасқа «тұр», - деші,**<br>**Қарындашқа «жүр», - деші.**<br>**«Қара қарындашты**<br>**Қаламқас алып тұр», - деші,**<br>**Ал енді өзің-ақ**<br>**«Р-р-р-р», - деші.**<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Артикуляциялық жаттығулар:<br>Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар<br>өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Дидактикалық ойын:<br>«Өзіңнің досың туралы әңгімеле».<br>Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. | Тәуелсіздік бізге не берді? сұрағына жауап іздеу.<br>**Сөздік қор.**<br>**Әңгіме өткізу.**<br>– Мемлекеттік рәміздерге не жатады?<br>– Мемлекеттік Елтаңба.<br>– Мемлекеттік Ту.<br>– Мемлекеттік Гимн<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**«Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен)**<br>**–** Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| үйдің данасы,<br>Балаң үйрек - әжем отау панасы.<br>Ортан терек - әкем үйдің тірегі,<br>Шылдыр шүмек анам, шаңырақ ажары.<br>Кішкене бөбек - мен бәрінің базары<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Әр адамның өз үйі болады. Онда оның отбасы мүшелері тұрады.<br>Олар: ата, апа, әке, ана, әпке, аға, іні, қарындас т.б.<br>**Ойын: Кім тез табады?**<br>**Шарты:** текшеде отбасы мүшелерінің суреті корсетілген.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Мейірім шеңбері: Шеңберге тұрып өз отбасыларына арнап жылы лебіздерін айтады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>отбасы мүшелерінің туысқандақ қарым-қатынасын түсініп, бір-біріне ұамқор болу керектігін біледі; | панасы.<br>Ортан терек - әкем үйдің тірегі,<br>Шылдыр шүмек анам, шаңырақ ажары.<br>Кішкене бөбек - мен бәрінің базары<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Әр адамның өз үйі болады. Онда оның отбасы мүшелері тұрады.<br>Олар: ата, апа, әке, ана, әпке, аға, іні, қарындас т.б.<br>**Ойын: Кім тез табады?**<br>**Шарты:** текшеде отбасы мүшелерінің суреті корсетілген.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Мейірім шеңбері: Шеңберге тұрып өз отбасыларына арнап жылы лебіздерін айтады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>отбасы мүшелерінің туысқандақ қарым-қатынасын түсініп, бір-біріне ұамқор болу керектігін біледі;<br>отбасы мүшелерінің арасындағы әдептілік дағдыларын және | нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**«Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны**<br>**Ойын шарты:** педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.<br>Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Сұрақ-жауаптар айдары: «Заттар неден жасалатынын айт»**<br>Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Адам жұмыс істейтін заттар бар, сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Қалай ойлайсыңдар, бұл заттарды кімдер жасайды?<br>– Оларды ересек адамдар жасайды.<br>– Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады?<br>– Әрине, табиғаттан алады.<br>– Күнделікті көріп жүрген үй | Менің атым – Айша. Мен бес жастамын.<br>Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз.<br>Менің атым – Арлан. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Аян, Данияр. Біз достарымызбен татумыз<br>**Достық туралы мақал-мәтелдер жаттату.**<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Күнделікті қолданыстағы сөздерді пайдаланып, ауызша мәтін құрап айтуға үйренеді. Мақал-мәтелдерді күнделікті қолдануға үйрету. | айта<br>алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.<br>Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.<br>«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып,<br>келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.<br>Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман),<br>о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был),<br>да(қыл), да(уыс), Да(рига), Дә(рия).<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>– Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>– «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің?<br>«Тәуелсіз Қазақстан» |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| отбасы мүшелерінің арасындағы әдептілік дағдыларын және өзіндік тиесілі міндеттерін игереді; | өзіндік тиесілі міндеттерін игереді; | жиһаздары неден жасалады?<br>– Ағаштан, темірден жасалады.<br>**Күтілетін нәтиже:** үш-төрт дыбыстардан тұратын сөздерден сөйлем құрайды талдау жасайды. Айналасын қоршаған зат атауларын дұрыс айтуды үйренеді. | | өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өлеңді мәнерлеп оқу қажеттігін біледі. Өлеңнің мағынасын түсінеді. |
| **Баламен жеке жұмыс:**<br>«Сөз ойла».<br>*Мақсат-міндеттері.*<br>Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады.<br>- Әдепті - ...<br>- Әдепсіз<br>- Жақсы - ...<br>- Жаман<br>- Ақ -...<br>- Қара<br>- Үлкен -...<br>- Кішкентай<br>- Сыйлау- ...<br>- Сыйламау **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)** | **Баламен жеке жұмыс:**<br>«Сөз ойла».<br>*Мақсат-міндеттері.*<br>Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады.<br>- Әдепті - ...<br>- Әдепсіз<br>- Жақсы - ...<br>- Жаман<br>- Ақ -...<br>- Қара<br>- Үлкен -...<br>- Кішкентай<br>- Сыйлау- ...<br>- Сыйламау **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)** | **Баламен жеке жұмыс:**<br>"Боран".<br>*Мақсат-міндеттері.*<br>Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркем сөзге қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету.<br>**(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **Баламен жеке жұмыс:**<br>"Аппақ қыс".<br>*Мақсат-міндеттері.*<br>Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру.<br>**«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.**<br>*Мақсат-міндеттері.*<br>Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін нығайту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>*Мақсат-міндеттері.*<br>Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы:<br>- Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық!<br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)** |

Scanned with CamScanner

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: МКҚК «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»**
**Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова**
**Топ: №6 «Светлячок» №8 «Сказка» ортаңғы топтары, №12 «Лучик» ересек тобы, №10 «Радуга» МАД тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 08-12 желтоқсан 2025 жыл**

| Дүйсенбі 08.12.2025 ж | Сейсенбі 09.12.2025 ж | Сәрсенбі 10.12.2025ж | Бейсенбі 11.12.2025 ж. | Жұма 12.12.2025 ж |
|---|---|---|---|---|
| **Топ:№6 «Светлячок» ортаңғы тобы «Рәміздер»** **Мақсаты:** Балаларға ҚР-ның рәміздерімен таныстыру елтаңба,ту,әнұран туралы түсінік қалыптастыру.Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту,байланыстырып сөйлеуге үйрету берілген сұрақтарға жауап беруге үйрету. Отан сүйгіштікке баулу,елін,жерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Тілдік дамытушы орта. Әңгімелесу: (рәміздер туралы сурет арқылы түсіндіріп көрсету)** Балалар мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын,ұлттық салт-санасын, кахармандығы мен | **Топ:№8 «Сказка» ортаңғы тобы «Рәміздер»** **Мақсаты:** Балаларға ҚР-ның рәміздерімен таныстыру елтаңба,ту,әнұран туралы түсінік қалыптастыру.Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын молайту,байланыстырып сөйлеуге үйрету берілген сұрақтарға жауап беруге үйрету. Отан сүйгіштікке баулу,елін,жерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Тілдік дамытушы орта. Әңгімелесу: (рәміздер туралы сурет арқылы түсіндіріп көрсету)** Балалар мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын,ұлттық салт-санасын, кахармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін,арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. | **Топ:№12 «Лучик» ересек тобы «Әнұран»** **Мақсаты:** Әнұран – Қазақстан Республикасы рәміздерінің бірі екенін түсіндіру; Баланың есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру; Отансүйгіштікке баулу, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу; Әуенге қосылып ырғағымен айтып түсіндіреді; **Тілдік дамытушы орта.** Отанымыздың ұлттық мақтанышы – мемлекеттік рәміздерге арналады. Онда мемлекетіміздің рәміздері туралы білімдерімізді толықтырып, құрметтеуге үйренеміз. Кез келген мемлекеттің айшығы – мемлекеттік рәміздері екені белгілі. Бізде бүгінгі күнімізді елімізднің | **Топ: №10 «Радуга» МАД тобы «Рәміздерді таныыз, ажыратамыз»** **Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыру елтаңба, ту, Әнұран туралы түсінік қалыптастыру. Туған ел, Отан туралы білімдерін кеңейту. Елтаңба жайында ақпарат береді;Құрылымдары жайында айтады; Авторларымен таныстырады. **Тілдік дамытушы орта.** - Балалар, мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. - Біздер, тәуелсіз қазақ елінің ең | **Топ:№10 «Радуга» МАД тобы «Отбасындағы салт-дәстүрлер»** **Мақсаты:** «Отбасы» тақырыбының әлеуметтік мәселелерін қарастыруды, ұлттық дәстүрлер мен мерекелерді суреттеуді, «отбасылық шежіре», «отбасылық дәстүр» сөздерінің мағынасын түсінуді үйрену; **Тілдік дамытушы орта.** «Түймедақ» ойыны. Түймедақтың әр күлтесіне жазылған «Отбасы» тақырыбындағы сөздерге талқылау жүргізеді. Сұрақтар қойыңыз: «Отбасының басқа адамдар тобынан айырмашылығы неде? Біздің тобымызды отбасы деп атауға болады ма?»<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| даналығын, болашаққа үмітін,арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.<br>**Рәміздерге:**Елтаңба,Ту,Әнұран жатады. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей елімізді аспан әлеміне қалықтатып тұр.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Еңселі Елтаңбамызды сипаттау:**<br>ҚР-ның рәміздерінің бірі елтаңба.<br>Елтаңбада көгілдір түсті аясында шаңырақ бейнеленген.Шаңырақтан күн сәулесі тәріздес уықтар таралған. Шаңырақпен уық-отбасы негізі,Отанымыздың көптеген ұлттардың бір шаңырақ астында бірлігін көрсетеді.Оң жағы мен сол жағында қанатты қос тұлпар бейнесі бейнеленген.<br>Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдызша орналасқан.<br>Бес жұлдыз –әр бір адамның,халықтың жол | **Рәміздерге:**Елтаңба,Ту,Әнұран жатады. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей елімізді аспан әлеміне қалықтатып тұр.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Еңселі Елтаңбамызды сипаттау:**<br>ҚР-ның рәміздерінің бірі елтаңба.<br>Елтаңбада көгілдір түсті аясында шаңырақ бейнеленген.Шаңырақтан күн сәулесі тәріздес уықтар таралған. Шаңырақпен уық-отбасы негізі,Отанымыздың көптеген ұлттардың бір шаңырақ астында бірлігін көрсетеді.Оң жағы мен сол жағында қанатты қос тұлпар бейнесі бейнеленген.<br>Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдызша орналасқан.<br>Бес жұлдыз –әр бір адамның,халықтың жол нұсқайтынжарық жұлдызы деген мағынаны білдіреді.<br>Ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар.Ол мемлекетіміздіңатын білдіреді.Осы әсемде ,асқақ елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков пен | Әнұранімен бастайық (Әнұран орындалады). Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі – мемлекеттік рәміздерімізді қадір тұту болып табылады. Жас ұрпақты елжандылық негізде тәрбиелеуде де мемлекеттік нышандардың алар орны ерекше. Әнұран – мемлекеттің салтанатты әні. Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы – Әнұран. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранді түрегеліп тұрып, жүректің тұсына оң қолын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған. Әнұранның сөзін Қазақстан Республикасының әр азаматы жатқа білуі тиіс. Мемлекеттік Әнұранның авторы Шәмші Қалдаяқов, | жас ұландарымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді 15 әкелер мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиіс екенімізді естен шығармайық. Отан –жерім, Отан-суым, Отан қуат, нәр береді.. Отан-ұран, Отан-туым, Отан мәңгі гүлденеді, - демекші, тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, еліміздің символы – мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, құрметтеу бәріміздің міндетті парызымыз болып саналады. Осы орайда, «Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді.» - деген мақал тәрбиелік маңызы зор ұғым екенін түсіндіре кеткен жөн. Рәміздерге: Елтаңба, Ту, Әнұран жатады. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей елімізді аспан әлеміне қалықтатып тұр. Соның ішінде Елтаңбаға тоқталамыз. Топтық жұмыс Елтаңба — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің | **Кел, талқылайық!**<br>1. Суретте кімдер бейнеленген?<br>2. Бұл адамдарды біріктіретін не?<br>**Отбасы** – ең жақын және туыс адамдар.Әр отбасында жақсы қарым-қатынас болуы өте маңызды. Отбасы мүшелерін **Отбасылықдәстүрлер**біріктіреді.<br><br>**Сөздік қор. «Қонақжайлылық» ойыны**<br>Топ балаларын 3-4 топқа бөліңіз. Әр топ өзара әже, ата, ана, әке, балалар, қонақтар рөлдерін бөліседі. Рөлдерді бөліскеннен кейін ойын өткізіледі және оны талқылайды. Әр топтың жақсы жақтарын айтыңыз: үлкендерге, қонақтарға құрмет көрсете алды ма, отбасы мүшелеріне назар аударды ма?<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дәстүрлер.** Балалардан өздеріне таныс суретті таңдауын сұраңыз |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
